

Шалқар ауданы Шалқар селолық округі әкімінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 5 " Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 ақпанда № 4198 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі " Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданы Шалқар селолық округінің әкімінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 5 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-103 санымен тіркелген, 2009 жылдың 15 сәуірінде аудандық " Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес және Шалқар ауылдық округі Шалқар ауылының халқының пікірін ескере отырып, Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** ";

шешімнің бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосының" сөздері тиісінше "ауылдық ", "ауылының" сөздерімен ауыстырылсын.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар ауылдық округінің әкімінің 19.04.2015 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК